

БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚТЫҢ КӨКЖИЕГІ

*Мемлекеттің тағдыры — жас ұрпақтың қолында,
Жас ұрпақтың тағдыры — мұғалімнің қолында.
Н.Ә. Назарбаев*

Қай елде болмасын мемлекеттің болашағы жас ұрпақ тәрбиесімен байланыстырылады. Сондықтан да бүгінгі күні білім саласына ерекше мән беріліп, жас буынның жан-жақты жетілуіне жағдай жасалуда.

«Бір жылдығын ойлаған күріш өсіреді, он жылдығын ойлаған ағаш өсіреді, жүз жылдығын ойлаған ұрпақ өсіреді» деген даналықты бекем ұстаған елдің ұрпағымыз.

Сондықтан бала тәрбиелеу, бүгінгі ертеңге, ертеңгі болашаққа жалғастырап ұрпағымыздың сапалы білім, саналы тәрбие алуы кеше де, бүгін де, ертең де ең маңызды, ең өзекті мәселе болып қалары сөзсіз.

Еткен еңбегінің нәтижесімен абырой мен беделге бөленіп, санаулы мерзім ішінде облыс көлемінде өзіндік орнын айқындап үлгерген, қызметі нәтижеге бағытталған білім ұяларының бірегейі – Ақтөбе облысы, Хромтау қаласындағы №6 гимназиясы.

Жұмысын 2010 жылы бастаған білім ұясы – аудан тарихындағы қазақ балаларына арнап ашылған тұңғыш гимназия. Осы аралықта халықаралық, республикалық, облыстық дәрежедегі байқаулар мен олимпиадалардың жеңімпаздарын, бірнеше дүркін Азия және әлем чемпиондарын тәрбиелеген білім ордасына айналды.

Бүгінгі күні оныншы түлегін ұшырататын білім ұясының тарихында жиырма «Алтын белгі», отыздан астам «Үздік аттестат» иегері бар.

Гимназия қабырғасында жүріп-ақ жасөспірімдер арасындағы бокстан Қытайдың Бейжің қаласындағы Әлем чемпионатында еліміздің көк туын желбіреткен Саламат Буккарин бүгінде Ақтөбе қаласындағы Т.Бигелдинов атындағы әскери ұшқыштар университетінің 3-курс студенті.

Республикалық ғылыми жобалар байқауында I орын алған Арайлым Ақшатай Әл-Фараби атындағы ұлттық университеттің 2-курс студенті, болашақ тарихшы. Қылқаламынан шыққан туындысы «EXPO-2017» көрмесіне қойылған, туындылары ЮНЕСКО ұйымдастырған байқауда үздік бағаланған Аружан Жуминова Астана қаласындағы Еуразия ұлттық университетінің 1-курс студенті, ал республикалық пәндік олимпиаданың жүлдегері Абдулазиз Әбілхасен «Алтын белгіге» үміткер.

Кез келген халықтың зияткерлік және рухани әлеуетін дамытатын, қоғамдағы орнын анықтайтын факторы — оның білімі болса, гимназия бұл тұрғыда бар мүмкіншілікті жасауда. Облыс әкімінің бастама-сымен «Бақытты бала» жобасы аясында білім алушыларға сандық



Гүлмараш МҰҚАШЕВА

технологияны меңгерту үшін жаңа модификациялы, соңғы құралдармен жабдықталған IT кабинеті ашылды.

Қорында 15 мың дана оқулығы, көркем шығарма, ғылыми энциклопедиялар мен танымдық басылымдары бар мектеп кітапханасы «МАРК-SQL» автоматтандырылған ақпараттық кітапханалық жүйесіне қосылып, «Коворкинг» орталығы ашылды.

Кітапхана меңгерушісі — Ә.Елеусізова республикалық «Үздік кітапханашы» марапатының иегері, Бүкілқазақстандық кітапханашылар съезінің делегаты, республикалық, облыстық дәрежедегі тәжірибелі маман.

«Бір елдің тағдыры мектебіне байланысты. Бұл — ескірмейтін игі сөз, өзгермейтін шындық. Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі» деген атақты ақын Мағжан Жұмабаевтың



сонау алмағайып заманда айтылған жүрекжарды сөзі бүгінгі күні де маңызын жойған жоқ, ол әлі де ұстаздарға үлкен жауапкершілік жүктейді. Әр баланы алғы күндерге ұмсындырып, оның көкірек көзін ашатын, жүрегіне сенім отын ұялататын тұлға — мұғалім. Сол себептен гимназияның педагог кадрларының білімдерін жетілдіру, олардың ғылыми ізденісте болуы — назардағы басты мәселе.

Ұжымдағы 57 педагогикалық қызметкердің 53-і біліктілік санатты, оның ішінде «Оқу ісінің үздігі», «Ыбырай Алтынсарин» атындағы төс белгінің иегері бар. 21 педагог ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курсының деңгейлі бағдарламасын меңгерген.

Жаңартылған білім беру мазмұны аясында жаңа бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында директормен бірге 47 мұғалім арнайы курстан өтіп сертификатталды. Тәжірибе тарату мақсатында гимназия 2017-2018 оқу жылының ақпан айында «Жаңартылған білім мазмұны: тәжірибе, жетістік, нәтиже» тақырыбында семинар-практикум өткізді. Семинар барысында психологиялық және тәжірибелік қолдау жұмыстары жүргізілді. Ашық сабақтар мен коучингтер ұйымдастырылып, қатысушыларға қажетті материалдар таратылды.

Гимназия «Жаратылыстану бағытындағы пәндерді ағылшын тілінде оқыту» бағытында облыстық деңгейдегі эксперимент жұмысын 2016-2017 оқу жылында бастаған болатын. Эксперимент барысында 5-9 сыныптар биология, химия, информатика, физика пәндерін гимназиялық компоненттен берілетін сағаттарда, пәндік терминдерді ағылшын тілінде оқыту бағдарламасы негізінде жұмыс жасайды. Эксперимент құрамында 6, 7-сыныптарда аталған пәндердің терминдерін ағылшын тілінде оқып келген биылғы 8-сынып осы жылы республикалық экспериментке еніп, жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқуды жалғастыруда. Осы пәндердің мұғалімдері В2 біліктілігін алып, республикалық экспери-

мент қатарында өз пәнін үш тілде жүргізуде.

Ақтөбе облысы бойынша білім саласының дамуына зор үлесін қосып жүрген ұжым қызметкерлері республикалық, облыстық деңгейдегі кәсіби байқаулардың жеңімпаздары. Олардың қатарында республикалық «Үздік педагог» марапатының иегері физика-информатика пәнінің мұғалімі Б.Қыдырбаева, «Ең үздік жыл психологі – 2018» республикалық байқауынан I орын алған Г. Райымқұлова, «Дарынды балаларға – талантты ұстаз» республикалық педогогикалық олимпиадасының жеңімпазы Г.Бақбергенова сынды мұғалімдер бар.

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетімен жасасқан меморандум негізінде гимназия ішінен аталған университеттің филология және тарих факультетінің филиалы ретінде 2 пәндік кафедрасы ашылды. Гимназиялық компоненттен бөлінетін қосымша сағаттардың бағдарламалары университет кафедрасымен бекітіліп, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, физика, математика, информатика, география пәндерінен қосымша сағаттарды университеттің мұғалімдері мектебімізге келіп өткізеді. Ғалымдармен серіктестіктің нәтижесінде шәкірттердің білім сапасы жоғарылап, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуына елеулі мүмкіншілік туды.

Бүгінгі күні гимназия аудан бойынша жетекші мектеп ретінде өзге мектептермен құрылған «Ізгілік» желілік қоғамдастық аясында оқыту



мен оқу үрдісінің сапасын арттыру үшін бірлесе жұмыстанып келеді. Қоғамдастық аясында ауданның төрт мектебіне әріптестік, әдістемелік қолдау көрсетіп, жетекшілік етуде.

Кез келген елдің кешегісі, бүгінгі, ертеңі болатыны анық. Кешегісі — оның ұлтының тарихы, салт-дәстүрі, жәдігерлері. Соны бүгінгі күні сақтай алса, ертеңгі рухы биік, болмысы қалыптасқан ұлт болып қала беретіні сөзсіз. Сондықтан да біз, мұғалімдер, гимназия білім алушыларының, рухани мықты, өресі биік, санасы таза болуы үшін еңбек етеміз. «Рухани жаңғыру» кабинетінің жұмыс мазмұны, жүргізілетін тәрбие ісі де сол бағытпен үйлестірілген.

Білім алушыларымызды республикамыздың тарихи орындарына, театр, мұражайларға апару жоспарлы түрде жүріп отырады. Осы кабинеттің жоспарына сәйкес өзіміздің Хромтау ауданының маңындағы Айдарлыаша, Азбартас, Көмбетас, Ойсылқара әулие т.б. тарихи орындардан басталған маршруттар Ақтөбе облысының айналасындағы киелі, тарихи мекендерге жалғасып, онан әрі республикамыздың түкпір-

түкпіріндегі: Алматы облысындағы, Түркістан облысындағы киелі жерлердегі сапарларға ұласты.

Нақтырақ айтсақ, Түркістан өлкесіне 2018 жылдың 24-29 наурыз күндері аралығында 19 оқушы, 2018 жылдың 30 қазан — 4 қараша күндері аралығында Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданына 10 оқушыдан құралған топ экскурсияға барды.

«Ісіңізге, еңбегіңізге, оқуыңызға нағыз адамгершілікпен кіріссеңіз, сөз жоқ жеңіске жетесіз», — деп академик Қаныш Сәтбаев айтқандай, өз ісіне берік ұжым үлкен белестерді бағындырып келеді. Гимназия үш жыл қатарынан облыс бойынша «Үздік инновациялық мектеп» атағының иегері. Облыс әкімі жариялаған «Үздік білім беру мекемесі» конкурсына 3 жыл қатарынан қатысып, «Оқу әдістемелік кешен» (2016 ж. — 350 мың тг.), «Робототехника құрылғысы» (2017 ж. — 2000000 тг). 2018 жылы облыстағы ең үздік үш мектептің қатарына кіріп, 3000000 теңге қаржылай сыйақыға ие болды.

Гимназияның он жыл ішінде алған асулары мен бағындырған шыңдары осындай, келесі он жылдықтарда биік мақсаттарды басты бағыт етіп алған, ынтымағы мен берекесі, білім мен біліктілігі келіскен ұжымның білім биігіндегі көк байрағы бұдан биік шыңдарды бағындыратынына сенемін.



Өткен ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген жазушы-публицист Джордж Оруэлл: «Өткенін терең пайымдай алатын адам болашағын да дұрыс жоспарлай біледі», — деген. Қоғам дамуы бүгінгі істі бүгін атқарып, ертеңгі күнін стратегиялық түрде жоспарлай білуді талап етуде.

Осыны жақсы түсінген гимназия ұжымы өткен жылдардағы жетістіктерін берік негіз етіп алып, келер жылдарға айқын мақсатпен, нақты жоспармен қарыштай қадам басып бара жатыр деп айта аламыз.

Гүлмараш МҰҚАШЕВА,
Ақтөбе облысы
Хромтау қаласындағы
№ 6 гимназияның директоры,
«Ы. Алтынсарин» төсбелгінің иегері



АННОТАЦИЯ ○

В статье директор гимназии № 6 города Хромтау Гульмараш Мукашева рассказывает о жизни и достижениях самой первой в районе гимназии для детей с казахским языком обучения. За короткий срок гимназия выпустила двадцать обладателей «Алтын белгі», более тридцати учеников с аттестатом отличия. Сегодня учебное заведение является одним из лучших не только в районе, но и в области. Гимназия успешно сотрудничает с региональным вузом, на ее базе открылась кафедра казахской филологии.